

"Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 шілдедегі N 1137 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы келісімді ратификациялау туралы**

Мәскеуде 2008 жылғы 12 желтоқсанда қол қойылған Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы келісім ратификацияланын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

экономикалық ықпалдасуды терендетуге және адаптациялық жағдайда, максатында,

халықаралық сауданың жалпыға танылған нормалары мен ережелерін басшылыққа ала отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"ұқсас тауар" - өзінің функционалдық мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары бойынша тарифтік квота шеңберінде бірыңғай кедендей аумаққа әкелінетін тауармен толықтай бірдей тауар не (мұндай толықтай ұқсас тауар болмаса) тарифтік квота шеңберінде бірыңғай кедендей аумаққа әкелінетін тауардың сипаттамаларына жақын, оны тарифтік квота шеңберінде бірыңғай кедендей аумаққа әкелінетін тауардың мақсатына ұқсас функционалдық мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін сипаттамаларға ие және коммерциялық қатынаста онымен

а л м а с т ы р ы л у ы

м ү м к і н

т а у а р ;

"кедендік әкелу бажы" - тауарларды бірыңғай кедендік аумаққа әкелу кезінде кеден органдары ал атын міндettі төлем;

"бірыңғай кедендік аумақ" - Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтарынан тұратын аумак;

"Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасы" - Дүниежүзілік кеден ұйымының тауарларды сипаттаудың және кодтаудың үйлестірілген жүйесіне негізделген сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы;

"бірыңғай кедендік тариф" - үшінші елдерден бірыңғай кедендік аумаққа әкелінетін тауарларға қолданылатын кедендік баж ставкаларының Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес жүйеленген жиынтығы;

"тауар импорты" - тауарды Тарап мемлекетінің кедендік аумағына немесе кері әкету туралы міндептемесіз үшінші елдердің кедендік аумағынан бірыңғай кедендік аумаққа ә к е л у ;

"лицензия" - тауарлардың экспортын және (немесе) импортын жүзеге асыру құқығына арналған арнайы құжат;

"алдағы кезең" - бірыңғай кедендік аумақта ауыл шаруашылығы тауарларын тұтыну көлемін және бірыңғай кедендік аумақта ұқсас тауарлар өндірісі көлемін талдау жүргізілетін кезең;

"ауыл шаруашылығы тауарлары" - Дүниежүзілік кеден ұйымының тауарларды сипаттаудың және кодтаудың үйлестірілген жүйесінің 1 - 24-топтарында жіктелген тауарлар, сондай-ақ маннит, D-глюцит (сорбит), эфир майлары, казеин, альбуминдер, желатин, декстриндер, түрлендірілген крахмалдар, сорбит, терілер, былғары, мамық-ұлбір, шитті жібек, жібек қалдықтары, мал жүні, шитті мақта, мақта қалдықтары, тұтілген мақта талшығы, шитті зығыр және өндемеген тұбіртек сияқты тауарлар;

"кедендік әкелу бажының ставкасы" - кедендік әкелу бажының мөлшері (шамасы);

"тарифтік квота" - үшінші елдерден шығарылатын ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлерін бірыңғай кедендік аумаққа әкелуді реттеудің тауардың белгілі бір санын әкелу кезінде Бірыңғай кедендік тарифке сәйкес қолданылатын кедендік әкелу бажының ставкасымен салыстырғанда белгілі бір кезең ішінде кедендік әкелу бажының неғұрлым төмен ставкасын (заттай немесе құндық мәнде) қолдануды көздейтін шарасы;

"үшінші елдер" - осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын елдер;

"атқаруши биліктің уәкілетті мемлекеттік органы" - лицензияларды беру құқығы берілген Тарап мемлекетінің атқаруши билік органы;

"сыртқы сауда қызметіне қатысушылар" - занды тұлғалар, сондай-ақ занды тұлғалар болып табылмайтын, Тарап мемлекеттерінің бірінде тіркелген және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған ұйымдар, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері бірінің аумағында тұрақты немесе басым тұрғылықты жері бар, осы мемлекеттің азаматтары

болып табылатын немесе онда тұрақты тұру құқығына ие не осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар.

## **2-бап**

1. Үшінші елдерден шығарылатын ауыл шаруашылығы тауарларын бірыңғай кедендік аумаққа әкелуді реттеуді жүзеге асырған кезде, егер ұқсас тауарлар бірыңғай кедендік аумақта өндірілетін (алынатын, өсірілетін) болса, оларды әкелуге арналған тарифтік квоталарды белгілеу түрінде женілдіктер (преференциялар) беруге рұқсат етіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген бірыңғай кедендік аумаққа белгіленген саннан (квотадан) артық әкелінетін ауыл шаруашылығы тауарларына Бірыңғай кедендік тарифке сәйкес кедендік әкелу баждары қолданылады.

## **3-бап**

1. Ауыл шаруашылығы тауарларын преференциялық әкелуге арналған тарифтік квоталарды Тараптар оған нарық сұраныстарын қанағаттандыру, ауыл шаруашылығы өндірісін ынталандыру және халықаралық сауданың дамуына жәрдемдесу мақсатында Бірыңғай кедендік тарифті жүргізу жөнінде өкілеттіктер берген күнінен бастап Кеден одағының комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) белгілейді.

2. Тауарды бірыңғай кедендік аумаққа әкелуге Комиссия белгілеген тарифтік квотаның көлемі мұндай тауарды бірыңғай кедендік аумақта тұтыну көлемі мен ұқсас тауарды бірыңғай кедендік аумақта өндіру көлемі арасындағы айырмадан аспауы тиіс. Бұл ретте, егер Тараптардың бірінің мемлекеті үшін ұқсас тауарды өндіру көлемі оны тұтыну көлеміне тең немесе одан асып кететін болса, онда мұндай айырма бірыңғай кедендік аумақ үшін тарифтік квотаның көлемін есептеу кезінде назарға алынбауы мұмкін.

3. Егер ұқсас тауарды өндіру көлемі оны бірыңғай кедендік аумақта тұтыну көлеміне тең немесе одан асып кететін болса, тарифтік квотаны белгілеуге жол берілмейді.

4. Тарифтік квота шеңберінде бірыңғай кедендік аумаққа әкелінетін ауыл шаруашылығы тауарларына арналған кедендік әкелу баждарының ставкаларын Комиссия оған Тараптар Бірыңғай кедендік тарифті жүргізу жөнінде өкілеттіктер берген күнінен бастап белгілейді.

## **4-бап**

1. Комиссия Тараптар мемлекеттерінің арасында тарифтік квота көлемін Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысындағы өндіру мен тұтыну көлемдерінің арасындағы осы Келісімнің 3-бабына сәйкес бірыңғай кедендік аумақ үшін тарифтік квота көлемін есептеу кезінде назарға алынатын айырмаса тепе-тең бөледі. Бұл ретте Комиссия тарифтік квотаны бөлудің әдісі мен тәртібін айқындауды, сондай-ақ қажет болған кезде тарифтік квотаны сыртқы сауда қызметіне қатысуышылардың арасында үшінші елдер арасында белгіледі.

2. Еркін айналыс үшін тарифтік квоталар шеңберінде бірыңгай кедендей аумаққа әкелінетін тауарларды кедендей ресімдеу сыртқы сауда қызметіне қатысуышыға тарифтік квота бөлінген Тарап мемлекетінде жүзеге асырылады. Бұл ретте осы Тарап мемлекетінің атқарушы билігінің уәкілетті мемлекеттік органы берген мұндай тауарларды әкелуге арналған лицензияның болуы қажетті шарт болып табылады.

3. Лицензияларды беру квоталар бөлінген сыртқы сауда қызметіне қатысуышылардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады.

#### **5-бап**

Сыртқы сауда қызметіне қатысуышылар арасында тарифтік квотаны бөлу олардың квота алуға қатысты тең құқығына және меншік нысанының тіркеу орнының немесе нарықтағы жағдайының белгілері бойынша кемсітпеуге, негізделеді.

#### **6-бап**

Комиссия ауыл шаруашылығы тауарларын әкелуге арналған тарифтік квотаны қолдану туралы шешім қабылдаған кезде мынадай ережелерді сақтайды:

а) тарифтік квотаны (ол үшінші елдер арасында бөлінетініне немесе бөлінбейтініне қарамастан)      белгілі      бір      мерзімге      белгілеу;

б) егер тарифтік квота үшінші елдер арасында бөлінген жағдайда, барлық мүдделі үшінші елдерді оларға бөлінген тарифтік квотаның көлемі туралы хабардар ету;

в) тарифтік квотаны қолдану, оның көлемі мен қолданылу мерзімі, тарифтік квота шегінде әкелінетін тауарларға белгіленетін кедендей әкелу баж ставкалары, сондай-ақ оны үшінші елдер арасында бөлу туралы ақпаратты жариялау.

#### **7-бап**

1. Үшінші елдер арасында тарифтік квотаны бөлуді, егер Комиссия осындай шешім қабылдаған жағдайда, әдетте үшінші елдердің барлық маңызды өнім берушілерімен консультациялар жүргізу нәтижелері негізінде Комиссия жүзеге асырады.

2. Осы баптағы үшінші елдердің маңызды өнім берушілері деп бірыңгай кедендей аумаққа әкелінетін ауыл шаруашылығы тауары импортында 10 және одан астам процент үлесі бар өнім берушілер түсініледі.

3. Егер тарифтік квотаны бөлу үшінші елдердің барлық маңызды өнім берушілерімен консультациялар нәтижелері негізінде жүзеге асырылмайтын болған жағдайда, Комиссия үшінші елдер арасында квота бөлу туралы шешімді ауыл шаруашылығы тауарын алдағы кезең ішінде осы елдерден жеткізу көлемін ескере отырып      қа бы л да у ы      ти і с .

4. Ауыл шаруашылығы тауарын жеткізуді тарифтік квотаны қолдану кезеңінде жүргізу шартымен Комиссия кез келген үшінші елге бөлінген тарифтік квотаны оның толық пайдалануына кедергі болуы мүмкін ешқандай да шарттарды немесе формальдылықтарды      белгілемейді.

5. Оған қатысты тарифтік квота енгізілетін ауыл шаруашылығы тауары үшін алдағы кезеңді таңдауды Комиссия жүзеге асырады. Бұл ретте, әдетте, осындай алдағы кезеңге

импорттың нақты көлемін көрсететін ақпарат қол жетімді болатын кез келген алдағы үш жыл қабылданады. Мұндай алдағы кезеңді таңдау мүмкіндігі болмаған кезде тарифтік квота импорттың нақты көлемін неғұрлым ықтимал бөлуді бағалау негізінде

**б ө л і н е д і .**

**6. Осы баптағы иморттың нақты көлемі деп оған шектеу болмаған жағдайдағы импорт көлемі түсініледі.**

**7. Ауыл шаруашылығы тауарын жеткізуге мүдделі кез келген үшінші елден өтініш алған кезде Комиссияның мүналасарға:**

- a) белгіленген тарифтік квотаны қайта бөлудің қажеттілігіне;
- б) таңдалған алдағы кезеңді өзгертуге;

в) тарифтік квотаны бөлуге немесе оны шектеусіз пайдалануға қатысты шарттарды, бір жақты тәртіппен белгіленген шарттарды, формальдылықтарды немесе кез келген басқа ережелерді жоюдың қажеттілігіне қатысты консультациялар жүргізуі тиіс.

### **8-бап**

**1. Ауыл шаруашылығы тауарларына қатысты тарифтік квоталарды қолдануға байланысты Комиссия:**

а) ауыл шаруашылығы тауарын беруге мүдделі үшінші елдің талабы бойынша тарифтік квотаны бөлу тәртібіне, оны сыртқы сауда қызметіне қатысуышылар арасында бөлу тетігіне және лицензиялар берілген тарифтік квотаның көлеміне қатысты ақпарат беруі ;

б) келешекте белгілі бір уақыт ішінде әкелінуіне рұқсат етілетін ауыл шаруашылығы тауарының жалпы саны немесе құны туралы, сондай-ақ тарифтік квота қолданысының басталатын және аяқталатын күндері және олардың кез келген өзгерістері туралы ақпаратты жариялауы тиіс.

2. Тарифтік квотаны үшінші елдер арасында бөлген жағдайлардан басқа, Комиссия лицензиялардың ауыл шаруашылығы тауарын қандай да болмасын белгілі бір үшінші елден импорттау үшін пайдаланылуын талап етуге құқығы жоқ.

### **9-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен шешіледі, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда мүдделі Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша дау Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарауға беріледі.

### **10-бап**

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### **11-бап**

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған

халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен айқындалады.

2008 жылғы 12 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тіліндегі жалғыз түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы Комиссия депозитарийінің функцияларын бергенге дейін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті болып табылатын депозитарийде сақталады.

Депозитарий әрбір Тарапқа осы Келісімнің күәландырылған көшірмесін жібереді.

*Беларусь*

*Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей*

*Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

2008 жылғы 12 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Тарифтік квоталарды қолданудың шарттары мен тетігі туралы келісімнің мемлекеттік тілдегі аудармасы екендігін растаймын.

*И н д у с т р и и*

*ж ә н е*

*с а у д а*

*Ж. Айтжанова*

*вице-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК